



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№3 (1961) 3 АҚПАН 2025 ЖЫЛ



## Ректор Digital Almaty 2025 форумына қатысты

Халықаралық шараға Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения үкіметінің басшылары, IT саласындағы сарапшылар мен белгілі ғалымдар, халықаралық ұйымдар мен қаржы институттарының өкілдері жиналды.

жасанды интеллектіні қоғамның әр саласына енгізу және технологиялық даму тақырыбы талқыланды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Digital Almaty 2025 форумының секция жұмысына қатысты.

Секция отырысы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Қуанышбек Есекеевтің жетекшілігімен өтті. Іс-шарада ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасап, жоғары білім мен ғылым және жасанды интеллект саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Алаңда ақпараттық технологияның экономикаға, өнеркәсіптік экожүйелерге, медицинаға, білімге және басқа да салаларға интеграциясы және инновациялық даму перспективалары мәселелері көтерілді. Жиында цифрландырудың негізгі жобалары,

## ЖОО басшылары «Farabi Hub» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және 20-ға жуық қазақстандық жоғары оқу орындарының ректорлары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми әлеуетімен танысты.



Жалғасы 2-бетте

## Ұлттық басылымдар ел мүддесіне ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

Құрметті баспасөз қызметкерлері! Сіздерді Ұлттық басылым күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл айтулы мереке 1913 жылдың 2 ақпанында «Қазақ» газетінің алғашқы саны Орынбор қаласында жарық көрген уақытына орайластырылғанын білесіздер. 2023 жылы «Ұлттық басылым күні» болып бекітіліп, түрлі газет-журналда еңбек етіп жатқан баспасөз қызметкерлеріне айрықша назар аударылып келеді.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз құттықтауында: «Бұл мереке – елімізді өркендету және мемлекеттігімізді нығайту жолында еңбек етіп жүрген баспасөз өкілдеріне деген шынайы құрметтің белгісі. Қазақ басылымдары әрдайым халықтың үні, төл руханиятымыздың берік қорғаны саналған. Біз оның бай тарихын, ағартушылық дәстүрін мақтан тұтамыз», – деп атап өтті. Сондай-ақ елімізде түрлі кезеңде жарық көрген басы-

лымдар қашанда ұлт мүддесіне адал қызмет еткенін айта келе, «Аға буынның сара жолын қазіргі кәсіби журналистер лайықты жалғастырып келеді» деп жоғары баға берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ басылымдарына тұрақты қолдау білдіріп, оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастар арасында кеңінен насихатталуына ықпал етіп келеді. Алдағы уақытта да ынтымақтастық байланысымызды арттырып, мемлекет саясаты мен университет қызметінен шынайы ақпарат таратып, жоғары біліктілік таныта беретіндеріңізге сенім артамын.

Сіздерге шығармашылық табыс, төрең ізденіс, адал еңбек тілеймін!

Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректор  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Астанада Ұлттық құрылтайдың «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» атты жұмыс секцияларының отырыстары өтті.

Секцияларға Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Руслан Желдібай, мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек модератор болды. Сондай-ақ секциялардың жұмысына оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қатысты.

Жиында Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Ұлттық құрылтайдың биылғы қызметінің негізгі бағыттары Президенттің қаңтар айында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында және Үкіметтің кеңейтілген оты-

## Мемлекет пен қоғамның өзара ықпалдастығы



рысында сөйлеген сөзінде айқындалғанын айтты.

– Бүгінде Мемлекет басшысының бастамасымен және басшылығымен мемлекеттігімізді дамытуды және ұлттық экономиканың негіздерін нығайтуды көздейтін аса маңызды реформалар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Біз қазірдің өзінде бұл реформалардың нақты нә-

тижесін көріп отырмыз. Президент ұсынған бастамалардың көбісін жүзеге асыруға Ұлттық құрылтай мүшелері зор үлес қосып келеді. Бұл – мемлекет пен қоғамның өзара тиімді ықпалдастығының бір көрінісі, – деді Ерлан Қарин.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

3-бет  
Әлеуметтік-экономикалық дамуға мән берілді



4-бет  
Михал ЛАБЕНДА:  
Қазақ пен поляк халықтарының тарихы ұқсас



5-бет  
Айгүл ТОҚБЕРГЕНОВА:  
Шөлейттенуге қарсы күресте ғылыми-зерттеудің маңызы ерекше





# ЖОО басшылары «Farabi Hub» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫ



Соңы. Басы 1-бетте

ЖОО басшыларын ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қарсы алып, жаңадан ашылған зертханаларға экскурсия ұйымдастырылды.


Алдымен ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында ашылған «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы көрсетілді. Қазіргі таңда мұнда ғалымдар Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі салдарынан орын алған су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы сияқты экологиялық мәселелерге мониторинг жүргізуде. Сонымен қатар қашықтан бақылау арқылы аймақтағы табиғи қауіп-қатерді алдын ала ескертіп, экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз етеді.

Кейін университет басшылары ҚазҰУ базасындағы суперкомпьютер орталығының



қызметімен танысты. Жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және елдің IT-инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді. Орталық Азияда ең қуатты саналатын құрылғының жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайды. Сондай-ақ әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің тізіміне кіреді. Суперкомпьютер университеттің есептеу техникасы саласындағы мүмкіндіктерін едәуір кеңейте отырып, ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен дәлдігін арттырады.

тұңғыш рет іске асырылып жатқан робототехника және роботтандыру бойынша инже-



нерлік компетенция орталығын аралап көрді. Мұнда «KUKA» неміс компаниясының өнеркәсіптік роботтары қойылған. Орталық «Өнеркәсіп – 4.0» жүйе-



сінде жұмыс істейтін кәсіби кадрларды даярлап, өндірісті автоматтандыру, цифрланды-



ру мақсатын айқындайды. Болашақта аталған орталық ғылым, білім және отандық өнеркәсіпті біріктіре отырып, Қазақстан өнеркәсібі үшін білікті кадрларды даярлау орнына айналады.

Сонымен қатар ректорлар ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы аясында бой көтерген «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығын аралап көрді. «Farabi Hub» орталығының ауданы 5 мың шаршы метрді құрайды. Хаб креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобаларды жүзеге асырады. Мұнда ZTE, BASF, Binlin технологиялық корпорациясы және басқа да

шетелдік компаниялардың орталықтары, университет базасындағы ғылыми-зерттеу институттары орналасқан. Ректорлар назарына «Farabi Hub» орталығында орналасқан Ми институты, «Робототехника және мехатроника RoboMech» ғылыми-білім беру орталығы, Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты, Сот сараптамалары орталығы, Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханаларының инновациялық жобалары ұсынылды.

Кездесу аясында ЖОО басшылары отандық университеттер арасындағы ғылым мен жоғары білім бағытындағы жұмыстарды нығайту, ғалымдардың әріптестік байланысын күшейту, тәжірибе алмасу және ортақ ғылыми жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

**Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Ғылыми жобалар ЭКОНОМИКАҒА БАҒЫТТАЛУЫ ТИІС



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университетті халықаралық рейтингтерде ілгерілету мәселелеріне арналған ғылыми кеңестің отырысы өтті.**

Баяндамашы ретінде Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов сөз сөйледі. Бірінші проректор QS, THE халықаралық рейтингтеріне арналған жұмыс жоспары бойынша бірінші жартыжылдықтағы факультеттердің есептеріне талдау жасады. Позицияларды жақсарту үшін арнайы мәселелер, шешімдер және іс-шаралар жоспары айтылды. Еркін Ерманұлы рейтингтерде жоғары орындарға қол жеткізу үшін ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, инновациялық бағдарламаларды дамыту және жоғары білікті кадрларды даярлауға көбірек көңіл бөлу қажет екенін атап өтті.



Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Аида Қыстаубаеваның баяндамасы тыңдалды, онда университеттің Times Higher Education (THE) рейтингіндегі позициялары талданды. Аида Серікқызы университет көрсеткіштеріне әсер ететін мәселелер туралы баяндап, сондай-ақ оларды жақсартуға бағытталған шешім мен іс-қимыл бағыттарын ұсынды.

Ғылыми басылымдарда көріну төмендігі – THE үшін жоғары сапалы ғылыми басылымдардың саны, әсіресе зерттеушілер тарапынан басқа ғалымдардың мақала-

ларынан келтірілген дәйексөздер халықаралық журналдарда аса маңызды.

Баяндамашы көршілес Қытай, Сингапур елдерінің мысалын келтірді, онда ғалымдарды көтермелеу үшін олардың мақалалары жоғары рейтингті журналдарда жарияланып (Scopus/WoS бойынша Q1, Q2), жоғары импакт-факторы бар мақалалар үшін ақшалай сыйақылар, үздік журналдарда (Nature немесе Science) шыққан ғылыми еңбектері үшін ақшалай баламадағы қосымша бонустар беріліп, дәйексөз келтірілгені үшін арнайы материалдық қолдау көрсетіледі.

Осыған байланысты ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев бірыңғай құрылымды Жол картасын әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындар, зауыттар және фабрикалармен ынтымақтастықты жандандыру қажеттігін айтып, олар үшін әзірленген ғылыми зерттеулерді коммерцияландырудың қажеттігін атап өтті.

«Барлық ғылыми жобалар экономика үшін жұмыс істеуі керек. Бұл – Мемлекет басшысының тапсырмасы. Нәтижесінде мұндай қызмет университеттің рейтингінде көрініс табады», – деді ҚазҰУ ректоры.

Ғылыми кеңес отырысында ғалымдар ресурстарды оңтайлы пайдалану, магистранттар мен докторанттардың академиялық ұтқырлығы, жарияланымдардың сапасын арттыру, ғылыми конференцияларға белсенді қатысу және пәнаралық зерттеу топтарын құру қажеттілігі туралы мәселелерді талқылады.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**



# Әлеуметтік-экономикалық дамуға МӘН БЕРІЛДІ

Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылды қорытындылап, биыл жүзеге асыратын жобалардың жай-күйіне тоқталды. Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары мен облыс әкімдері қатысқан алқалы жиында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты тың мәселелер көтерілді. Осыған орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің сарапшылары басқосуда айтылған бастамаларға қатысты өз ой-пікір, ұстанымдарын жеткізді.

## Экономикаға инвестиция тарту – басты міндет

Үкіметтің кеңейтілген отырысы еліміз үшін маңызды саяси-экономикалық оқиғалардың бірі болды. Отырыста мемлекеттің экономикалық жағдайы, энергетика саласындағы бастамалар, аймақтардың дамуы және халықтың әл-ауқатын арттыру сияқты мәселелер қаралды.

Қазіргі жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында Қазақстан үшін инвестициялық ахуалды жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу және экономиканы әртараптандыру өте маңызды. Президенттің бұл бағыттағы тапсырмалары орынды. Алайда экономиканы әртараптандыру сөз жүзінде қалып қоймай, нақты өндірістік секторларға басымдық берілуі тиіс. Шикізатқа тәуелділіктен арылып, экономикаға, әсіресе жоғары технологиялық салаларға инвестиция тарту – басты міндеттердің бірі. Егер бұл бағытта жүйелі әрі нақты қадамдар жасалмаса, экономикалық өсім уақытша ғана сипатқа ие болады.

Цифрлық технологияларды жан-жақты енгізу – заман талабы. Үкіметтің кеңейтілген отырысында бұл мәселенің көтерілуі орынды, себебі Қазақстанның экономикалық өсімі мен жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі цифрландырумен тікелей байланысты. Алайда бұл процестің дұрыс әрі тиімді жүзеге асуы үшін бірнеше маңызды аспектіні ескеру қажет. Цифрландыру тек IT саласына ғана емес, экономиканың барлық секторына оң әсер етеді. Мысалы: Мемлекеттік басқаруда цифрлық қызметтер бюрократияны азайтып, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартады. Экономикада өндірістік автоматтандыру мен жасанды интеллект бизнестің тиімділігін арттырады. Білім беру мен медицинада онлайн оқыту мен телемедицина ауыл-аймақтардағы халық үшін үлкен мүмкіндік ашады.

Менің ойымша, цифрландыру – Қазақстан үшін үлкен мүмкіндік. Бірақ оны тек «жарнамалық жоба» ретінде емес, нақты әрі жүйелі түрде жүзеге асыру керек. Ең алдымен ауыл-аймақтардағы интернет мәселесін шешіп, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру қажет. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздікті күшейту – басты басымдық болуы тиіс.

Егер Үкімет бұл бағытта дұрыс стратегия қабылдап, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салса, Қазақстан алдағы жылдары

технологиялық серпіліс жасай алады. Бұл еліміздің экономикасын жаңа деңгейге көтеріп, халықтың өмір сапасын жақсартуға көмектеседі.

Ғылыми ортада қызмет ететіндіктен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылым мен жоғары білімге қатысты айтқан мәселелері ерекше алаңдатады. Соңғы жылдары бұл салаға бөлінетін қаржы артқанына қарамастан, оның тиімді игерілуі үлкен мәселе болып отыр. Мемлекет басшысы ғылымға бөлінген қаражат тек сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулерге бағытталуы тиіс екенін ерекше атап өтті. Бұл ғылым саласының болашағына тікелей әсер ететін маңызды қадам.

Президенттің «Бюджет қаржысын сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер, институттар мен ғалымдар ғана алуы керек» деген сөзі ғылыми ортада әділ бәсекелестік орнатуға негізделген. Өкінішке қарай, кейбір ғылыми жобалар формализм үшін жасалып, олардың нақты қолданылу аясы шектеулі болып қалады. Ғылыми жұмыстарды бағалауда сапалық көрсеткіштер басты назарда болуы қажет. Қазақстанда ғылым мен экономиканың арасындағы байланыс әлі де әлсіз. Президент ғылым экономикаға нақты пайда әкелуі тиіс екенін ерекше атап өтті. Көптеген ғылыми зерттеулер өндіріске енгізілмей, тек академиялық ортада қалып қояды. Бұл – ғылымның дамуын тежейтін басты факторлардың бірі. Ғылыми жаңалықтар тек зертханалық деңгейде қалып қоймай, нақты кәсіпорындарда, өндіріс орындарында қолданылуы керек. Қазақстан ғылымының әлемдік нарықта өз орнын табуы үшін ғылым мен бизнестің өзара байланысын нығайту аса маңызды.

Президенттің ғылым саласына қатысты айтқан сын-ескертпелері өте орынды. Ғылымға бөлінетін қаражаттың артуы қуантарлық жағдай. Бірақ басты мәселе – оның дұрыс игерілуінде. Егер ғылыми зерттеулер шынайы сұранысқа ие болмаса, олардың пайдасы болмайды. Сондықтан ғылым сапасын арттырып, оны экономиканың нақты салаларымен байланыстыру – бүгінгі күннің ең өзекті міндеттерінің бірі.

**Гүлбақыт ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**  
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, PhD



## Құқық бұзушылыққа «мүлде төзбеушілік» қағидасын қозғады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында 2024 жылы жүзеге асқан жұмыстарды бағалай отырып, болашақта атқарылатын бірқатар іс-шараларға қатысты тапсырма бергенінің куәсі болдық. Негізі, тапсырманың бәрі маңызды дегенмен, әлеуметтік салаға қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамытуды қажет ететін негізгі сала түрлері екені айдан анық.

«Биыл – Жұмысшы мамандығы жылы. Осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ісін бастау керек. Жауапты мекеменің бәрі

және ең бастысы, жеке сектор бұл іске белсене араласуға тиіс», – деді Президент.

«Заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін кез келген құқық бұзушылыққа «мүлде төзбеушілік» қағидасын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде. Мұны, әсіресе, жоғары оқу орындарының қызметкерлері, ғалымдары мен оқытушылары, білім алушылар берік ұстануға тиіс. Өйткені біздің тәрбиелеген жастарымыз ертең елдің тұтқасын ұстайды.

**Н.МЫРЗАТАЕВ,**  
Азаматтық құқық,  
азаматтық іс жүргізу және  
еңбек құқығы кафедрасының  
PhD докторы

## Жаңа экономикалық кезеңге серпін береді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысы ел дамуының стратегиялық басымдықтарын нақтылау және әлеуметтік-экономикалық саясаттың тиімділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған маңызды жиын болды.

Жиында Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу, энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру мәселелерін басты назарға алды. Бұл бағыттар Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясына сай келеді және елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Президентіміз басқосуда салық-бюджет саясатын реформалау қажеттігіне ерекше тоқталып, маңызды жобаларды қаржыландырудың тиімді көздерін іздеудің маңыздылығын атап өтті. Әлеуметтік қолдау жүйесін реттеу, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым салаларын одан әрі дамыту бойынша берілген тапсырма-

лар да халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Президент алға қойған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуінің маңызын баса айтты. Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі үйлесімділік пен жауапкершілік елдің дамуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сонымен қатар жиынға қатысқан облыстар мен ірі қалалардың әкімдері, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдардың жетекшілері көтерілген мәселелерді өңірлік деңгейде жүзеге асыруға дайын болуы тиіс. Өңірлердің әлеуметтік және экономикалық даму қарқынын арттыру елдің жалпы дамуына маңызды үлес қосады.

Бұл кеңейтілген отырыс Үкіметтің алдағы жұмыс бағытын айқындап қана қоймай, Қазақстанның жаңа экономикалық кезеңге аяқ басуына серпін береді деп сенеміз. Мемлекеттік басқаруда батыл қадамдар мен тиімді шешімдер қабылдау арқылы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бар.

**Эльмира СЕЙІТҚАЗИНОВА**

## Кәсіптік-техникалық білім беру – ел болашағының негізі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту қажеттігін ерекше атап өтті. Білім беру саласы – еліміздің тұрақты экономикалық дамуының негізгі тірегі және еңбек нарығының сұранысына жауап беретін кадрларды даярлаудың іргетасы.

Мемлекет басшысы еңбек адамының беделін арттыру үшін ауқымды іс-шаралар мен маңызды жобалардың жүзеге асырылатынын айтты. Бұл ретте техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын дамыту мәселесіне жеке сектордың белсенді араласуы қажет екенін ерекше атап өтті. Осыған орай, бизнестің бұл салаға тартылуын ынталандыру мақсатында кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарына арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемі айтарлықтай артады. Биыл бюджеттен бұл мақсатқа қосымша 22 миллиард теңге бөлінбек. Сонымен қатар әр аймақтың қажеттіліктеріне сай мамандар даярлау мәселесі де назардан тыс қалмайды. Президент әкімдерге үлкен жауапкершілік жүктеп, кәсіпкерлермен бірлесіп, өңірге қажетті мамандықтардың тізімін анықтау, сондай-ақ колледждерге бағыт-бағдар беру қажеттігін баса айтты. Бұл қадамдар аймақтардың экономикалық әлеуетін арттыруға, жұмыссыздықты азайтуға және жастардың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік береді.

Президенттің айтуынша, соңғы жылдары мемлекет ғылымға бөлінетін қаражат көлемін айтарлықтай арттырды. Білім беру мен ғылымды қаржыландыру алдағы уақытта да дами береді. Алайда бұл қаражат нақты мақсатқа сай жұмсалыуы керек. Мемлекет басшысы бюджет қаржысын сапалы әрі сұранысқа ие зерттеу жүргізетін университеттер, институттар мен ғалымдарға бөлу қажеттігін ерекше атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұжымы Мемлекет басшысының осы бастамаларын толығымен қолдайды. Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы реформалар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін береді. Ұжым бұл бастамалардың сапалы орындалуы үшін өз үлесін қосуға дайын екенін білдіреді.

**Айша БЕГАЛИЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы



Михал ЛАБЕНДА, ДИПЛОМАТ:

# Қазақ пен поляк халықтарының

## ТАРИХЫ ҰҚСАС



жеке басының қамын ғана ойлады. Соның салдарынан біздің жеріміз бөлініп, көрші мемлекеттерге тәуелді болды. Алайда басып алған мемлекеттерге қарсы наразылық көтерілістер өте көп болды. Меніңше, бұл жағынан алғанда қазақтардың жағдайына ұқсайды.

Егер тарихқа үңілетін болсақ, осы уақыттарда поляк жерінде ірілі-ұсақты көтерілістер жиі орын алды. Сол кездерде бас көтерер ең ұлтжанды, халқының қамын ойлаған зиялы адамдардың қатары қатты сиреп, жоқ болып кетті деуге болады. Дегенмен бостандыққа ұмтылған елдің сана-сезімі оянып, зиялы қауым жас ұрпаққа өз тілінде білім беру, ғылымға үйрету, ұлттық рухта тәрбиелеу жұмыстарын бастады. Ондай қозғалыстар ХХ ғасырдың басында Қазақстанда да болды. Мысалы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Ахмет Байтұрсын, Мағжан Жұмабай, Шәкәрім сияқты көзі ашық ұлтжанды азаматтар қолдарына қару алып күреске шыққан жоқ, бірақ келесі ұрпаққа идеологиялық тәрбие беріп, ұлттық сананы қалыптастыру бағытында жұмыс істеген. Польшада да сондай қозғалыстар басталып, халықтың бір ортаға жиылуының арқасында ХХ ғасырдың басында Польша тәуелсіздік алды, ұлттық рухы көтерілді. Осылайша поляктар ұлттық рухын, ана тілін, ұлттық сипатын сақтап қалды, өйткені біздің зиялы азаматтар бұл бағытта қатты жұмыс істеген.

Қазақта «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген аталы сөз бар. Сол сияқты ХІХ ғасырдағы поляк әдебиеті біз үшін өте маңызды болып саналады. Ол заманда поляктарға, бір жағынан, орыс тілі, екінші жағынан, неміс тілдері кірді. Алайда біздің ақын-жазушыларымыз сол кезде өз шығармаларын тек поляк тілінде жазған. Әрине, поляк тілі әлемдік танымал тілдерге жатпайды. Олар орыс немесе неміс тілінде жазса оқырмандары көп болар еді. Соған қарамастан, поляк ақын-жазушылары өз тілдеріне қатты мән берді. Тарихта орыс тілінде жазған Конрад деген бір ғана жазушы бар, ол кейіннен Лондонға қашып кетіп, ағылшынша жазды. Одан басқа, бізді жаулап алушылардың тілінде бірде-бір поляк жазушысы кітаптарын жариялаған

емес. Осыған қарап бодандық тұсында ана тілі поляк халқы үшін өте қадірлі болғанын көреміз. Ол заманда Ресей және Пруссия билігі Польша мектептерінде, университеттерінде поляк тілінде оқуға тыйым салған. 1901 жылы Вжесня деген қалада 12-14 жастағы мектеп оқушылары неміс тілінде оқуға қарсы болып ереуілге шықты. Пруссия билігі ереуілді бастағандарға дүре соғып жазалап, ата-аналарын түрмеге қамады. Осыдан кейін наразылық бүкіл елге тарады, 70-75 мыңдай оқушы ереуілге шыққан. Поляк халқы ана тілін сақтап қалу үшін осылай күресті.

Менің замандастарым 7-сыныптан бастап аптасына екі рет орыс тілін оқыды. Поляк тілі орыс тіліне жақын, мен Қазақстанға келердің алдында сегіз жыл орыс тілін оқығанмын, бірақ қазақшаға қарағанда орысша шамалы. Себебі орыс тілін мәжбүрлеп оқытқандықтан, бізде оны ешкімнің оқығысы келмейтін. Осы уақытқа дейін неміс, ағылшын тілдерін өз таңдауым болғандықтан, жеңіл игердім. Ал қазақ тілі – мен үшін үлкен маңызы бар тарихи тіл, ол әлемдегі ең бай тілдердің қатарында тұр. Университетті бітіргеннен кейін арада 23 жыл өтсе де, қазақтармен емін-еркін сөйлесіп, етене араласып кеттім. Қазақтың мақал-мәтелдері өте нақты және ауқымды ұғымдарды бере алады. Жақында «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» деген тағы бір мағыналы мақалды естідім. Әлі де үйрене түскім келеді. Қазақша қандай кітаптарды оқуға кеңес берер едіңіздер?» – деп студенттерге күтпеген сұрақ қойды дипломат сөзінің аяғында.

Қазақстан мен Польша арасындағы саясат, экономика, білім және мәдениет салаларындағы қарым-қатынастың қазіргі жай-күйіне тоқталған дипломат бұл байланыстарды одан әрі кеңейтудің маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында студенттер Польшаның саясаты мен экономикасына ғана емес, сонымен қатар Польшадағы студенттік өмір, білім беру жүйесі, тағылымдамадан өту және академиялық алмасу мүмкіндіктері сияқты мәселелерді қамтитын сұрақтар қойып, тұшымды жауап алды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Химия және химиялық технология факультетінде Қытай Халық Республикасының 100 жылдан астам тарихы бар Синьцзян және Цинхуа университеттерінің ғалымдарымен бірлескен «Көміртек ресурстарының каталитикалық конверсиясы» (мұнай, көмір, CO<sub>2</sub> мәселелері) тақырыбындағы Қазақстан – Қытай дөңгелек үстелі өтті. Дөңгелек үстелді Химиялық физика және материалтану кафедрасының профессорлары мен оқытушылары ұйымдастырды.

## Қос ел ғалымдары бас қосқан жиын



Көміртек ресурстарының каталитикалық конверсиясы қазіргі уақытта ғылыми тұрғыдан өте өзекті. Әлемдік энергетикалық дағдарыс пен экологиялық проблемалардың күшейіп күрделене түсуі, әсіресе көмірқышқыл газын (CO<sub>2</sub>) шығару, ауа ластануының артуы, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға, жаңартылатын энергия көздерін іздеуді талап етеді. Көміртек негізіндегі дәстүрлі отындардың, мысалы, мұнай мен көмір қорларының сарқылуы және олардың қоршаған ортаға теріс әсері қазіргі ғылыми зерттеулердің маңызды бағытына айналды. Бұл мәселелерді шешу үшін көміртек ресурстарының каталитикалық конверсиясын дамыту, көміртектің қайта өңдеу процесстерін жетілдіру, CO<sub>2</sub> қалдықтарын азайту және таза энергия көздерін алудың жаңа жолдарын іздеу қажет. Бұл сала ғылыми қауымдастықтың маңызды назарында болып, тиімді және экологиялық таза технологияларды дамытуға бағытталған көптеген зерттеулерді қамтиды.

ресурстарының химиясы мен пайдалануы бойынша Синьцзян университеті зертханасының зерттеу бағыттары жан-жақты талқыланды. Жану мәселелері институтымен ынтымақтастық болашағы жайында әңгіме қозғалды. Көміртек ресурстарынан C-C және C-N байланыстарын органоантимониймен катализдеу арқылы тұзу жолдарына тоқталды. Атап айтқанда мұнай қалдықтарынан тазарту және битумды түрлендіруге арналған көміртекті материалдар, көмірқышқыл газын пайдалану арқылы фоторедокстік катализ арқылы карбоксил қышқылдарын алу жөнінде кеңірек әңгіме қозғалды. Жоғары өнімді энергия сақтауға арналған электродты материалдарды жасауға негізделген биомассадан алынған үш өлшемді кеуекті графен тәрізді көміртек материалдары, улы газдарды сорбциялауға арналған жаңа қабығынан түрлендірілген сорбенттер тақырыптары талқыланып, көміртек ресурстарының каталитикалық конверсиясы, көміртекті материалдарды мұнай,



Дөңгелек үстелдің ашылу салтанатында х.ғ.д., профессор З.Мансұров пен қауымдастырылған профессор, кафедра меңгерушісі М.Телепов сөз сөйлеп, ҚазҰУ-да, факультетте және Жану мәселелері институтында іске асып жатқан жалпы жұмыстар, оның ішінде ғылыми жұмыстар жайында кеңінен айтып берді. Синьцзян университетінің профессоры Руймио Хуа, Цинхуа университетінің профессоры Хуапин Ху өз университеттерінің қалыптасу шежіресімен бөлісіп, ғылыми жетістіктері мен тұрақты даму мақсаттарының орындалу барысымен таныстырды.

Дөңгелек үстел барысында көміртек негізіндегі энергия

көмір, көміртек диоксиді мәселелерін ілгерілету және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін тараптар байланысы жан-жақты қарастырылды.


Дөңгелек үстелдің қатысушылары мен қонақтары көміртек ресурстарының каталитикалық конверсиясы, көміртекті материалдарды мұнай, көмір, көміртек диоксиді мәселелерін дамытудағы маңызды аспектілері, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсері және осы тұрғыда тұрақты дамудың маңыздылығы туралы ақпарат алмасты.

Балауса ДІНІСТАНОВА,  
ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ  
кандидаты



Жердің шөлейттенуі – жаһандық мәселе. Қазіргі таңда Жер шарының 25 пайызы, яғни 3,6 миллиард гектар жері шөл және шөлейт жерлерге тиесілі. Ел аумағының 70 пайызға жуығы су ресурсының жетіспеушілігінен зардап шегеді. ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігінің мәліметіне сүйенсек, еліміздің үштен екі бөлігі немесе 169,9 миллион гектары (62,2%) шөл мен шөлейт аймаққа жатады. Ғалымдардың айтуынша, соңғы 60-70 жылда шөлейттенуге бейім аумақтың ауданы 10-12 пайызға өскен.

Әлемді толғандырған мәселеге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ландшафттар деградациясын геоақпараттық талдау ғылыми зертханасы да өз үлесін қосуда. Зертхананың жұмыс барысымен танысу мақсатында География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі, география ғылымының кандидаты, доцент Айгүл Тоқбергеновамен сұхбаттасқан едік.



Айгүл ТОҚБЕРГЕНОВА, доцент:

# Шөлейттенуге қарсы күресте ғылыми-зерттеудің маңызы ерекше

– Айгүл Әбдіғаппарқызы, өзіңіз жетекшілік ететін зертхана қандай мақсатпен құрылды?

– Қазақстандағы шөлейттену мәселесі – қоғамдағы күрделі түйткілдің бірі. Оның маңыздылығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған жолдауларында айқын айтылып жүр. Шөлейттену проблемасы еліміздің экологиялық жағдайына, жалпы, халықтың әл-ауқатына теріс әсер ететіндіктен, оны шешу маңызды. Мұндай құбылыстың тереңдеуі ауыл шаруашылығы өнімділігіне, қоршаған ортаға зиян келтіріп, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қиындатуы мүмкін. Осыған орай, ғалым ретінде біз осы мәселені зерттеп, оның шешімін ұсыну арқылы өз үлесімізді қосуға бел будық.

Зертхананың басты мақсаты – шөлейттену процесінің себептерін терең зерттеп, олардың экологиялық және экономикалық салдарын талдау. Геоақпараттық технологиялар мен картографиялық әдістерді пайдаланып, шөлейттену процесінің кеңістіктік-уақыттық динамикасын нақты анықтау әрі осындай процестердің алдын алу бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу. Біздің инновациялық зертханамыз бұл мәселелерді шешу үшін тиісті әдістер мен құралдарды пайдалануда.

– Зертхана жұмысының негізгі бағыты туралы айтсаңыз.

– Зертхана ландшафттық деградация процестерін зерттей келе, деградация процестерін бақылау, болжау және табиғи ландшафттарға теріс әсердің алдын алу немесе азайту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлейді. Жұмыстың негізгі бағыттарына келер болсақ, ландшафттардың деградациясын бақылау; деградация себептерін талдау; бүлінген ландшафттардың одан әрі тозуын болдырмау және қалпына келтіру бойынша шараларды әзірлеу; кеңістіктік талдау және модельдеу: деградация карталарын, деградациялық процестердің таралу үлгілерін құру және қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын жоспарлау үшін тәуекелді бағалау. Тәуекелді бағалауға құнарлы топырақтың жоғалуы, биоәртүрліліктің өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қауіптер және т.б. факторларды ескере отырып, ландшафттар мен жердің деградациясына байланысты тәуекелді талдау жұмыстары жатады. Оңтайлы

басқару іс-шараларын анықтауға ландшафттар мен жерлердің деградациясының алдын алу, оларды қалпына келтіру немесе жақсарту бойынша ең тиімді іс-шараларды анықтау үшін аналитикалық құралдарды пайдалану кіреді.

– Зертхана тарапынан шөлейттенуге қарсы қандай жобалар қолға алынды?

– Біз қазіргі таңда «Жасыл даму контекстінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» мегажобасы аясында №6 кіші бағдарлама: тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін Батыс Қазақстан аймағының ландшафттық-экологиялық жай-күйін бағалау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырмыз.

Жобаның мақсаты – Батыс Қазақстан өңірінің (Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары) тұрақты дамуын жақсарту және қамтамасыз ету жөніндегі ландшафттық-экологиялық жай-күйін бағалау.

Бүгінгі таңда Қазақстанның батыс өңірінің табиғи ортаға

антропогендік әсерден туындаған ландшафттық-экологиялық жай-күйінің проблемалары пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын игеру және экономиканың өндіруші және өңдеуші салаларын дамыту салдарынан өзекті бола түсуде.

Өндірістің мұнай өндіру және мұнай өңдеу салалары объектілерінің әсеріне ұшырайтын Қазақстанның батыс өңірінің құрғақ ландшафттарындағы деградациялық процестердің дамуын болдырмау үшін ландшафттық-экологиялық бағалау жөніндегі іс-қимыл жүйесін жүзеге асыру қажет. Қазіргі уақытта ландшафттық-экологиялық зерттеулер табиғи кешендердің құрылымын, функционалдық және құндылық ерекшеліктерін ескеретін аумақтың табиғи-экологиялық әлеуетін зерттеудің маңызды әдісі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар зертханада зерттеу тобы Жерді қашықтықтан зондтау орталығымен бірлесіп отырып, ел аймақтарында ауылшаруашылық жерлерінің деградациясы мен шөлге айналу процесін зерттеу бойынша бірнеше ғылыми жобалармен жұмыс істеп жатыр. Атап айтсақ, «Климаттық апаттар

(құрғақшылық және эрозия) тәуекелдерін және олардың Қазақстанның батыс өңірінің ауыл шаруашылығына әсерін бағалауға геокеңістіктік көзқарас», «Ауылдық жерлерді тұрақты дамытуды қамтамасыз ету үшін Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде шөлейттену процестерінің алдын алуда ТАЖ орнықты басқаруды ғылыми-қолданбалық негіздеу», «Жерді тұрақты пайдалану мақсатында Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі деградациялық үрдістерді бағалау», «Қазақстанның батыс аймағындағы климаттық апаттардың (құрғақшылық пен эрозия) тәуекелдерін және олардың ауыл шаруашылығына әсерін бағалаудың геокеңістіктік тәсілдемесі», «Мал шаруашылығын тұрақты дамыту үшін ЖҚЗ деректері негізінде Орталық Қазақстан жайылымдарының өнімділігін картографиялық модельдеу және болжау» жобаларымен жұмыс істеуде.

– Осындай ауқымды жобаларға студенттерді тартасыздар ма? Жобаға қатысқан шәкірттеріңіздің қандай жетістіктері бар?

– Ғылыми жобамызға магистранттар мен докторанттар белсенді түрде қатысады. Бұл біздің зерттеу жұмыстарының ауқымын кеңейтіп, сапасын арттыруға ықпал етеді. Қазіргі таңда жобада бес магистрант пен алты докторант жұмыс істеп жатыр. Олардың әрқайсысы өз зерттеу бағыттары бойынша сапалы үлес қосуда. Мысалы, магистранттар жердің деградациясын бағалау және топырақтың сапасын жақсарту әдістерін зерттеумен айналысады. Сонымен қатар геоақпараттық жүйелер мен қашықтықтан зондтау технологияларын қолдану арқылы жер ресурстарын басқару жобаларына қатысады. Ал докторанттар климаттың өзгеруі, су ресурстарының тиімділігі және тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту саласында зерттеулер жүргізумен

шұғылданады. Олардың кейбірі халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасап, зерттеу нәтижелерін жариялап үлгерді.

Біз шәкірттеріміздің осындай жетістіктерімен мақтанады және олардың әрі қарай дамуына қолдау көрсетуге дайынбыз. Бұл жастардың ғылым мен практика арасындағы байланысты нығайтуға, сондай-ақ еліміздің ғылымына үлес қосуына мүмкіндік береді.

– Жоба дайындаушы жас ғалымдардың ынтасы мен білімін арттыру мақсатында қандай көмек көрсетіледі?

– Жас ғалымдардың ынтасы мен білімін арттыру мақсатын-

да, ғылыми жобалар шеңберінде олар Испания, Германия және АҚШ-та ғылыми тағылымдамадан өтіп келіп жатыр. Мұндай тағылымдама жас зерттеушілердің тәжірибесін кеңейтіп, олардың халықаралық деңгейде біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Ғылыми жоба аясында шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу жүргізіле ме? Олармен байланыс орнату қаншалықты маңызды?

– Ғылыми жобалар аясында шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу қазіргі ғылыми қауымдастықта аса маңызды. Бұл, ең алдымен, жаһандық зерттеу тәжірибесін меңгеруге, жаңа идеялар мен инновациялық әдістерді игеруге таптырмас мүмкіндік береді. Шетелдік ғалымдармен байланыс орнату ғылыми зерттеулердің сапасын арттырып, олардың халықаралық деңгейде мойындалуына ықпал етеді. Бұдан бөлек, шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасу – ғалымдардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды аспектісі. Біздің ғылыми жоба аясында шетелдік ғалымдармен тығыз байланыс орнатылған, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, біз Халықаралық күріш ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, PhD Әлішер Мырзабаев, БҰҰ университетінің Су ресурстары, қоршаған орта және денсаулық институты (UNU-INWEN) директорының орынбасары, профессор Манзур Қадыр және Мартин Лютер университеті География және жер туралы ғылымдар институтының докторы Герд Шмидт сияқты танымал ғалымдармен серіктестік орнатып, олардың зерттеу нәтижелері мен әдістемелерін біздің жобаларымызда қолдану мүмкіндіктерін талқылаудамыз.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан  
Гүлзат  
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ





# Тағылымды тәлімгер

Университет – адамға біліммен қатар, тәрбие беретін ұстахана. Талай жасты білім бұлағынан сусындатып, оның қоғамға бейімделуіне сүбелі үлес қосатын ұстаз тәлімгерлердің еңбегі өлшеусіз. Соның бірі – ғалым, қоғам қайраткері, жазушы, журналист, тарихшы әрі саясаттанушы Ләйлә Ахметова. Ұлан-ғайыр еліміздің әр қиырынан арман қуып, Алматыға келген талай жас өреннің ұстаз-тәрбиешісі болған профессор білім алушыларға риясыз қамқорлықпен қарап, қиын-қыстау кезде үнемі қасымыздан табыла білді.



«Студенттік активизм көпшілік ойлағандай уақытты босқа кетіру емес. Активист бола жүріп, ойлас-пікірлес, ортақ мақсатқа жұмылатын қатарластарыңды, достарыңды табысың. Университет қабырғасынан түлеп ұшқан соң да активист достарың ертең жұмыс беруші әріптестерге айналып жатады. Сондықтан білім алу өз алдына, жоғары оқу орнындағы мәдени-көпшілік іс-шара, қоғамдық жұмыстың ешқайсысы бос әурешілік емес, келешекте табысты болуыңның кепілі».

іс-шара, қоғамдық жұмыстың ешқайсысы бос әурешілік емес, келешекте табысты болуыңның кепілі». Студенттік қоғамдық қызметімізде белсенді болуға ынталандырған осы бір тәлімсөз сол тұста біздің қанатымызды қомдап, шабытымызды үстеп отырса, уақыт өте келе, өмірлік ұстанымымызға да айналып кетті.

Тәлімгеріміздің ұстанымы бізді білім алушы кезімізден қамшылауының арқасында көп жетістікке жеттік. Студенттік активизмнің маңызын түсініп, ҚазҰУ-дай қара шаңырағымызда оқи жүріп, журналистика факультеті атынан «Асаба» көңілді тапқырлар клубы құрамында өнер көрсетіп, университеттің «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрінде баян аспабында ойнадық. Бірнеше жоғары оқу орны студенттерінен құралған «Бейбарыс» тобы құрамында ән шырқадық, пікірсайыс клубында да спикер болып, шешендік шеберлігімізді шыңдадық. 2001 жылы ҚазҰУ студенттері арасында өткен «Жігіт сұлтан» байқауының I орын иегері атандым. Тағылымды тәлімгеріміздің айтуынша, КВН-де өнер көрсетуімнің де, оркестрде баянда ойнауымның да пікірсайысқа қатысқан белсенділіктің түрлі коммуникациялық пайдасы бар. КВН-ге қатысқанымның арқасында бүгінде Қазақстанның қай түкпірінде де түрлі

салада таныс замандастар өте көп. Өйткені әрбір факультеттен іріктелген ойыншылар бір-бірімізбен етене тығыз жұмыс істеп, достасып кеттік. Университет бітірген соң әрқайсымыз әр салаға, әр тарапқа кетсек те, әлі күнге жақын араласып тұрамыз. Оркестр құрамында баянда ойнау арқылы ұжымда ауызбірлікте жұмыс істеуді, өзара сыйластықты арттырып,

сабырлы болуды үйрендім. Оркестр бірдің емес, бірнеше адамның үйлесімі жұмыс істей біліп, нәтиже шығаруға үйретті. Пікірсайыста белсенді болудың арқасында көпшілік алдында не айтуды және қай жерде қалай айта білуді үйрендік. Мұның барлығы да Ләйлә Сейсенбекқызы проректор кезінде мәдени-көпшілік іс-шарада, қоғамдық жұмыста белсенді атсалудың маңызын жіті түсіндіргенінің арқасында жүзеге асты деп нық сеніммен әрі мақтан тұта айтамын.

Тағылымды тәлімгерім мен ғана емес, мен сияқты сол жылдары Қазақ ұлттық университетінде оқыған көптеген білім алушының үмітін үкілеп, шырақ отын маздатқаны шын. Сол көптің арасында біздің де бар екеніміз көңілімізді көншітіп, жан сарайымызды марқайтады. Талай шәкірттің шырағын жаққан профессор Ләйлә Сейсенбекқызы проректор ретінде көптеген ауқымды бастаманы көтеріп әрі онысын жүзеге асырды да. Соның бірі – 2000 жылдың 15 қаңтарынан университетіміздің туған күні атап өтіле бастады. Ләйлә Сейсенбекқызының авторлығымен университетіміздің туы, ұран-сөзі, логотипі, әнұраны дайындалып, корпоративтік ережесі түзілді.

Жетпістің белесінен асқан тәлімгеріміз бүгінде де қоғамдық жұмыстың бел ортасында. Майдангер әкесі, жазушы Сейсенбек Ахметов рухынан қанаттанған даңқты қызы әлі де мол қуатты шағында. Соғыс жылдарында, майдан даласынан хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлерді түгендеп бірнеше еңбек жазып, сауапты іске кенелді. Ғұмырлық белесінің қай жасында жүрсе де, қоғам үшін ізгілікті шаруаның талайын тындырып жүретін тәлімгеріміздің әрбір ісі өнеге. «Тағылымды тәлімгер – жас маманның зергері» дейтін халық даналығын ескерер болсақ, профессор Ләйлә Ахметова әлі де талай өренді игі іске ынталандырып, жақсылыққа жетелейтіні шүбәсіз.

**Қанат ӘУЕСБАЙ,**  
журналистика  
факультеті деканы,  
филология ғылымының  
кандидаты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 85 жылдығына арналған «Заманауи білім және ғылым: тарихы, болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Іс-шараға белгілі ғалымдар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері, ЖОО ректорлары, отандық және шетелдік профессорлар, білім алушы жастар мен жас зерттеушілер қатысты.

## Жоғары білім берудің даму тенденциялары талқыланды



Іс-шара аясында кітаптар мен сурет көрмесі ұйымдастырылып, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының қалыптасу тарихы мен қызметіне арналған бейнеролик ұсынылды. Пленарлық отырысқа философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев модератор болды. Конференция барысында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хаты оқылды.

ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев конференцияға қатысушыларға арнаған құттықтау хатында Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушылары мен профессорларының қазақстандық білім мен ғылымды дамытуға, сондай-ақ мамандар даярлауға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

«Көрнекті ғалымдарымыз негізін қалаған педагогикалық ойлар мен білім берудің тарихын зерттеу дәстүрі бүгінге дейін жалғасуда. Олардың ізбасарлары бүгінгі күні кафедраның дамуына өзіндік үлес қосып келеді. Егемендікті нығайтудың өзегі жоғары білікті мамандар даярлау екені даусыз», – делінген құттықтау хатта.

Тарихи деректерге сәйкес, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да кафедраның қалыптасуы 1937 жылы басталып, педагогика кабинеті түрінде ашылды, оның меңгерушісі С.Қожахметов болды (1910-1945 жж.). Педагогика жеке кафедра ретінде 1940 жылы 12 қаңтарда құрылды. Алғашқы кезде «Педагогика», кейін «Жалпы және этникалық педагогика», бүгінгі күні «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы деп өзгертіліп, педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлайтын философия және саясаттану факультетінің бірегей кафедраларының біріне айналып отыр.

Әр жылдары кафедраны педагогика ғылымының дамуы

мен қалыптасуына орасан зор үлес қосқан майталман ғалымдар мен ұлы тұлғалар басқарды, атап айтсақ: Сұлтанбек Қожахметов, Шәкір Қоқымбаев, Төлеген Тәжібаев, Әбдіхамит Сембаев, Қартбай Бержанов, Хасен Арғынов т.б.

Конференция аясында онлайн байланыс арқылы Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры (РФ) Альфинур Галиакберова, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің басқарма төрағасы – ректоры Бекболат Шакешев, сондай-ақ жоғары оқу орындарының басқа да басшылары, шетелдік және отандық академиктер, ғалымдар мен профессорлар сөз сөйледі.

Осы жылдар ішінде кафедра болашақ ұрпақ үшін үлгі болған және отандық педагогикалық ғылымның негізін қалаған мыңдаған мамандарды тәрбиелегенін атап өткен жөн.

Халықаралық конференция барысында үш секция өтті, онда қатысушылар Қазақстандағы жоғары білім берудің даму тенденцияларын, заманауи педагогика мен психологиядағы инновация мәселелерін, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында мектеп пен жоғары мектеп арасындағы сабақтастықты талқылады. Сондай-ақ «Ұлттық кадрларды даярлаудағы ғылыми зерттеулер: тарих және перспективалар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында қатысушылар ғылым және білім саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерге бағытталған ҚазҰУ-дың Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының жұмысы туралы тәжірибе алмасып, ақпаратпен бөлісті.

Гүл БАЯНДИНА



# Реализация тезисов программы ЦУР

На кафедре языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. Аль-Фараби проходят языковую подготовку студенты из разных стран мира. История кафедры берёт своё начало с 1985-го года. С тех пор представители более, чем 100 стран прошли обучения на этой кафедре.



но продвинутого. Общеизвестно, что знание языков открывает дополнительные возможности в процессе поиска достойной работы. Особенно актуальным этот тезис становится в свете развития Казахстана в последние десятилетия после обретения независимости. Многие страны заинтересованы в развитии разностороннего сотрудничества. И, безусловно, знание казахского и русского языков играет значительную роль в успешности международных проектов.

Сегодня обретение людьми достойной работы – это проблема, которая актуальна не только для Казахстана. Подобные вопросы стоят перед населением практически всех стран. Гражданин, работающий на позиции, соответствующей его уровню образования, знаний, опыта является залогом экономического роста страны в целом. Именно об этом восьмой тезис целей устойчивого

развития, разработанных Генеральной ассамблеей ООН в качестве «плана достижения лучшего и более устойчивого будущего для всех»: «содействие неуклонному, всеохватному и устойчивому экономическому росту, полной и производительной занятости и достойной работе для всех».

Преподаватели кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ, владея продуктивными методиками обучения казахскому и русскому как иностранным языкам, предоставляют возможность всем желающим уже за один учебный год достичь определённых успехов в овладении речью. Тем самым реализуется ещё одна из идей целей устойчивого развития: «обеспечение всеохватного и справедливого качественного образования и поощрение возможности обучения на протяжении всей жизни для всех».

Многолетнее сотрудничество кафедры с вузами из-за рубежа, а именно из Китая, Кореи, Японии, Украины, Турции, позволяет также говорить, тезис ЦУР об «укреплении средств достижения устойчивого развития и активизация работы механизмов глобального партнёрства в интересах устойчивого развития» осуществляется усилиями преподавателей-языковедов.

В заключении отмечу, реализация программы ЦУР сыграет достаточно большую роль в решении глобальных проблем человечества.

**Айжан АХМЕДОВА,**  
ст. препод. кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев

Современные исследования подчеркивают важность комплексного ухода за полостью рта, связывая его не только с сохранением здоровья зубов, но и с профилактикой ряда системных заболеваний. Полость рта является входными воротами для микроорганизмов, которые могут влиять на функционирование других систем организма, включая сердечно-сосудистую и нервную системы. Поэтому осознанный подход к уходу за зубами и деснами должен быть неотъемлемой частью общей профилактики заболеваний.

# Гигиена полости рта

Микрофлора полости рта и ее связь с системным воспалением. В полости рта насчитывается более 700 видов бактерий, включая как полезные, так и патогенные микроорганизмы. Некоторые из них, проникая в кровотоки, могут вызывать воспалительные реакции, которые, по данным исследований, ассоциируются с повышенным риском эндокардита, атеросклероза и когнитивных нарушений. В частности, установлена связь между хроническими заболеваниями десен (например, пародонтитом) и повышенной вероятностью развития сердечно-сосудистых заболеваний и болезни Альцгеймера.

Секрет слюнных желез является важным компонентом в поддержании здоровья полости рта: он содержит минералы (кальций и фосфат) и антибактериальные ферменты, способствующие реминерализации эмали и защите от кариеса. Недостаточное слюноотделение (ксеростомия) может ухудшить состояние зубов и повысить риск инфекций. Поддержание достаточного уровня воды в организме и уменьшение воздействия таких веществ, как кофеин и алкоголь, помогают слюнным железам нормально работать.

Доказано, что хронический стресс может ослаблять иммунную систему и увеличивать предрасположенность к воспалению, в том числе к гингивиту и пародонтиту. Психосоматические исследования подчеркивают важность комплексного подхода к здоровью, включающего не только гигиену полости рта, но и управление стрессом, полноценный отдых и профилактику психоэмоционального перенапряжения.

Рекомендации по замене зубных щеток и предотвращению бактериальной контаминации. Щетина зубной щетки изнашивается через 3–4 месяца использования, что снижает её эффективность. Помимо механического износа, на щетке скапливаются бактерии, особенно если она хранится во влажной среде. Для минимизации риска бактериальной контаминации рекомендуется



менять зубную щетку регулярно и обрабатывать ее кипятком или антибактериальными средствами.

Полоскание рта натуральными маслами (кокосовое, оливковое) является древней практикой, которая получила научное подтверждение. Метод использования: в течение 1-ой минуты прополоскать одной чайной ложки масла. Этот метод позволяет снизить бактериальную нагрузку на полость рта, что может благоприятно сказаться на состоянии десен. Масляное полоскание способствует удалению бактерий благодаря липофильным свойствам масла, обеспечивая комплексную защиту полости рта. Однако следует отметить, что данная техника не заменяет основного ухода.

Природный оттенок зубов варьируется и зависит от толщины и прозрачности эмали, а также оттенка дентина, находящегося под ней. Белоснежные зубы являются скорее маркетинговым стереотипом, чем нормой. Злоупотребление отбеливающими средствами может привести к истончению эмали, повышенной чувствительности зубов и микротрещинам. Регулярная чистка зубов, использование зубной нити, ополаскивателей и профилактические осмотры у стоматолога, по данным исследований, остаются наиболее эффективными мерами профилактики. Гигиена полости рта требует не только ежедневного внимания, но и комплексного подхода, включающего поддержание здорового образа жизни и управление стрессом.

**Максат КОНЫСБАЕВ,**  
препод. кафедры политики и организации здравоохранения

Современный мир науки и технологий развивается с невероятной скоростью. Одной из наиболее перспективных областей, которая играет ключевую роль в медицине, биологии и фармацевтике, является химия биомедицинских полимеров. Эти материалы находят широкое применение в создании медицинских изделий, лекарственных форм и биосовместимых технологий. Однако доступ к специализированному образованию в этой области остается ограниченным для многих студентов и специалистов.

# Запущен онлайн-курс



- Конспекты лекций для самостоятельного изучения.
- Тестовые задания и вопросы для самоконтроля.
- Итоговый контроль для подтверждения полученных знаний.
- Слушатели, прошедшие курс, смогут:
  - Углубить свои знания в области полимерной химии.
  - Освоить навыки проектирования и применения полимерных материалов в биомедицине и фармацевтике.
  - Получить признанный сертификат, который может стать преимуществом при трудоустройстве.

Примечательно, что данный онлайн-курс был успешно интегрирован в учебный процесс студентов специальности «Химия» Термезского государственного

университета (г. Термез, Республика Узбекистан). Так, в рамках академической мобильности доцент Уркимбаева П. И., провела ряд лекций в Термезском государственном университете с 25 ноября по 1 декабря 2024 года, а также инициировала прохождение онлайн-курса студентами этого университета.

Данный онлайн-курс не только способствует повышению образовательного уровня в области химии биомедицинских полимеров, но и открывает новые возможности для студентов и специалистов, независимо от их географического положения. В эпоху глобализации доступность качественного образования становится ключевым фактором для развития науки и технологий.

Запуск курса «Химия полимеров медико-биологического назначения» на платформе open.kaznu.kz – это шаг к формированию нового поколения специалистов, которые смогут внести значительный вклад в науку и промышленность Казахстана и мира.

Будущее начинается сегодня, и новые знания – ключ к нему!

**Перизат УРКИМБАЕВА,**  
доцент

**Зарина КЕНЕСОВА,**  
ст.препод.  
кафедра химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров

В ответ на эту проблему на платформе **open.kaznu.kz** был запущен онлайн-курс «Химия полимеров медико-биологического назначения». Курс разработан преподавателями кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров Казахского национального университета имени Аль-Фараби: Уркимбаевой П.И., Токтабаевой А.К., Рахметуллаевой Р.К. и Кенесовой З.А. Это важная инициатива, которая предоставляет уникальные возможности для студентов и специалистов по всему Казахстану и за его пределами.

Курс охватывает основные вопросы химии полимеров, а также их применение в медицине, биологии и фармацевтике. Программа курса включает:

- Видео-лекции, представленные в удобной и понятной форме.



# Сайлау жүйесі жайлы СӨЗ ҚОЗҒАЛДЫ

Заң факультетінде Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен Дүниежүзілік сайлау күніне орай, дөңгелек үстел өтті.

Аталған іс-шараға заң факультетінің басшылығы, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, №259 сайлау учаскесі төрайымының орынбасары Орынбасар Байтұрбай, студенттер, сонымен қатар Алматы қаласы Бостандық ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Шолпан Қалиасқарова, Бостандық ауданының аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Көркемай Қайсарқызы қатысты.

Дүниежүзілік сайлау күніне орай өткізілген дөңгелек үстелдің мақсаты – заң факультеті студенттерінің арасында сайлау туралы



заңнамалардың жүзеге асуы бойынша өз құқығы мен міндетін үйрету. Сайлануға құқықты дәріптеу мақсатында «Мен болашақ депутаттыққа кандидатпын» атты пікірсайыс ұйымдастырылды. Заң факультетінің 305-топ студенттері Бақыт Ерсұлтан мен Дариға Күнтуған өздерінің мәслихат депутатына кандидаттық бағдарламаларын ұсынды. Депутаттыққа үміткерлер білім

беру жүйесі, Алматы қаласының экологиялық хал-ахуалы, кептеліс мәселесі, жасөспірімдер арасында нашақорлыққа қарсы күрес сияқты мәселелерді көтеріп, олардың шешу жолдарын ұсынды.

Бостандық ауданының аумақтық сайлау комиссия-

сының төрайымы Шолпан Рысбекқызы өз баяндамасында сайлау жүйесі, елімізде өткен сайлаулардың қысқаша тарихы мен соңғы енгізілген өзгерістер туралы айтып, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

**Гүлнар АЙҒАРИНОВА,**  
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры

# «Денсаулық» спартакиадасы өз мәресіне жетті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқытушылар мен қызметкерлер арасында дәстүрлі «Денсаулық» қысқы спартакиадасы өтті.

Биыл 51-ші рет өткізілген жарыс шахмат, үстел теннисі, ерлер мен әйелдер арасындағы волейбол, шағын футбол және тоғызқұмалақ бойынша ұйымдастырылды.

Оқу жылының басынан бастап факультеттерде командалар құрылып, жаттығулар өткізілді. Спартакиадаға дайындықты ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы мен ҚазҰУ спорт клубы қамтамасыз етті.

Спорттық жарыстарға факультеттер мен бөлімшелерден 19 құрама команда қатысты. Жалпыкомандалық есепте спорттың алты



түрінің нәтижесі бойынша спартакиаданың жеңімпазы заң факультеті болды.

Екінші орынды Әскери кафедраның спорт ұжымы жеңіп алды. Үшінші орынды физика-техникалық факультеті иеленді.

Спартакиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Парасат» ҚазҰУ қызметкерлері кәсіпода-

ғының естелік кубоктары және дипломдарымен марапатталды.

«Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев мұндай іс-шаралар Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттарының үшінші санаты – салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

## Әбу Насыр әл-Фараби - 1155



**Білімге жетуі ең кемел болған адам ең жоғары рақатқа ие болады. Жаны ең кемел әрі ізгі білімге жеткен адамның алатын әрбір рақаты ең толық әрі кемел рақат саналмақ.**

Университетіміздің Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы ширек ғасырдан бері шетелдік қазақ балаларына білім беріп, олардың қоғамға араласуына мұрындық болып келе жатқаны белгілі. Биыл да әлемнің әр түкпірінен келген жастарды қабылдап, еліміздің мәдени-тарихи мұраларымен таныстырып, еліміз туралы таным-түсініктерін тереңдетуде оқытушылар талмай еңбек етуде.

# Ұлт ұстазының мұрасымен ТАНЫСТЫ



Таяуда жыл сайын ұйымдастырылатын Ахмет Байтұрсынұлының мұражайына саяхаттап қайттық. Өзім жетекшілік жасайтын «Асыл сөз» стартабының мүшелері және шығармашылық топтар келген кезде жоспарға енгізілетін басты шаралардың бірі – ұлт руханиятын дамытуға өмірін арнаған асыл тұлғалардың мұражайларына барып, өмірі мен еңбектерін көрсетіп түсіндіру, оқыту болады. Сөйтіп, ТДМ-ның 17-ші бағыты бойынша ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мұражай-үйіне бардық. Онда жастар ұлы тұлғаның өмірі мен шығармалары туралы құнды мәліметке қанығып, тарихи жәдігерлер мен құнды деректермен танысты. Ұлт ұстазының өз қолтаңбасымен жазылған өмірбаянын оқып, әндері мен күйлерін тыңдады. Алаш көсемдерінің фотошежіресімен танысып, олардың ерлікке толы өмірінен өздеріне ұмытылмас тәлім алып, ерекше әсерге



бөленді. Ұлттық құндылығымызды ұлықтап, сақтап, насихаттау біздің басты парызымыз екенін түсінді. Шетелдегі қазақ балалары еліміздегі осындай тарихи киелі мәдени орындармен танысып, әдеби шығармаларын оқып, рухани мол азық алып жатыр. Болашақта олар еліміздің мәдени-рухани дамуына өз үлесін қосуға атсалысары анық.

**Жанна ӘДІЛХАНОВА,**  
аға оқытушы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.